



**plans.label.author:** Кулиев Туребек Сактапбергенович

**plans.label.category:** Қазақ тілі (Т1)

**plans.label.class:** 5-сынып

**plans.label.section:** Киіну. Сән. Талғам.

**plans.label.theme:** Ұқсатымдылық, талғам және сән

Ұқсатымдылық, талғам және сән	Сабақтың оқу мақсаттары Об Оқылым стратегияларын қолдану. Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу. Сабақтың мақсаттары Оқушылардың барлығы: Мәтіннің жалпы мазмұнын толық түсінеді; Оқушылардың көпшілігі: Мәтінді тез және тиімді оқып түсіну, керек ақпаратты жылдам тауып, өңдей алады; Оқушылардың кейбіреуі: Мәтінді тиімді оқып-білу жолын меңгереді; Астарлы ойдағы маңызды ақпаратты креативті жеткізіп, дербес ой білдіреді. Тілдік мақсаттар Пәндік лексика мен терминология: Қыстырма сөздер, қарапта сөздер, одағай сөздер, орфоэпиялық норма Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер: Ұқсатымдылық, менің ойымша... «Сыпайы тоңбайды, қалтырайды» дегендей,... Ретімен киіне білсек,... «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» демекші,... Қорытындылай келе...
-------------------------------	---

### plans.stages

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
------------------------	-------------------------	--------------------------



Ұқсатымдылық,  
талғам және сән  
(02.10.2019)

Сабақтың басы Оқушылармен амандасу. Әр топ «3 қимыл, 1 сөйлем түрінде» сәлемдесудің түрін көрсетеді, ынтымақтасады. Шағын 4шеңберде отырып, «Ұлттық киімдер дүкенінде» тақырыбында құрылған диалогіноқып береді. Топ бағалаушылары «2 жұлдыз, 1 тілек» түрінде бағалайды. «Әңгіме пирамидасы», «Ақпараттар карточкасы», «Даналықағашы» сөздерімен 3 топқа бөлінеді, 4-топ сарапшылар болыптағайындалады. Топ атауларына талдама жасайды. Негізгі бөлім Сабақтың тақырыбы мен оқумақсаты таныстырылады. Ұқсатымдылық, талғам жәнәсән С. Оқылымалды тапсырмасы. Пікірлесу сұрақтары – «Ұқсатымдылық» сөзін қалай түсінесіздер? – Кім қалай киінгенді жақсы көреді? – Неліктен көшеде шалбар киген қыздар, шашын өсірген жігіттер көп? Оқушыларға «Сән.Талғам» тақырыбында мәтін беріледі. Оқылым тапсырмасы Т/Ж. 1-топ. «Әңгіме пирамидасын» құрады. Шарты: Топ мүшелері пікірін плакаттың өз жағына жеке жазып, ортада талқылап ортақ мәтін қалыптастырады. Топтың әр мүшесі таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабын мәнәтанысады. Жауаптарымен танысып, ортақ пікірдің қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды. Бағалау критерийі: Өз ойын нақты жаза білуі; Өз ойын жазғанда 2 мақал-мәтел, 2 фразеологизм қолдана алуы; Қорытынды ойды дәлелмен жазу. 2-топ. «Төрт сөйлем» тәсілімен орындайды. Шарты: 4 сөйлемнен тұратын мәтін жазады. 1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады. 2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді. 3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді. 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады. Бағалау критерийі: Ойды жүйелеп, бір сөйлеммен толық жеткізе білу Әр сөйлемді құрмалас сөйлем түріне келтіруі 3-топ. «Даналық ағашы» әдісі бойынша тапсырма орындайды. Шарты: Ағашты мәтін деп алса, бұтақтарына көтерген мәселелерін, жапырақтарына ақпараттарды жазады. Топпен айтылым жасайды. 4-топ. Сарапшылар бағалайды. Бағалау критерийі: 1. Мәтінді түсінгендігін, зерттегендігін көрсетеді; 2. Жұмысты нұсқаулыққа сай орындайды; 3. Мәтіннің тақырыбы мен идеясын ашады; 4. Жүйелі (кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім) айтылым жасайды. Берілген тапсырмаларды оқушылар топтық формада орындайды. Ж. Мәтінмен жұмыс. Жалпы мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оқу Мұғалім оқушыларға мәтінді өз бетімен толық оқу үшін уақыт береді. Оқушылар оқиды. Олардың мәтін мазмұнын қаншалықты деңгейде түсінгенін байқау үшін тапсырма беріледі. Ж. Оқушылар мәтін нетуралы екенін білу үшін мәтінге 2 минутта көз жүгіртіп шығады. Сұрақтар: – Мәтінде не туралы айтылған? – Қандай ой айтылады? Оқушылар болжам жасайды. Нақты ақпаратты табу мақсатындағы оқу Мұғалім оқушыларға мәтіннен нақты ақпаратты табуға бағытталған сұрақтар ұсынады. Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннен жауабын табады. – Ең негізгі ақпарат қайсысы деп ойлайсыз? – Автор қандай ой ұсынады? – Қорытындысында не айтылады? Топ мәтіндері. 1-топ. Киімді дұрыс таңдай біліңіз Адам көркі – шүберек. Сіздің әдемі көрінуіңіз, ең алдымен, киген киіміңізге байланысты. Дегенмен, адам, өзінің талғамына сүйенуі керек. Кейде шақтесің есігін ашып қалсаң, үстіңе ілетін бір дені дұрыс киім таппай әбігерге түसेң. Бұндай жағдай барынша жиі болады. Шалбарлар толып жатыр, ал мына жейдемен сәйкес келетінеш қайсысы жоқ!.. Сондықтан, ең алдымен жүрегіңіз қалаған стильді анықтап алыңыз! Әр түрлі жерлерге киіп баратын киімдеріңізді жұбымен алғаныңыз жөн. Тізім жасаңыз. Алдымен өзіңіз қызығатын киімдердің тізімін жасап алыңыз, сосын өзіңізде бар киімдерді қайтадан қарап шығыңыз. Қолыңыздағы тізімге сүйене отырып, қай киімді қалдырып, қай киімді лақтырып тастау керектігін анықтаңыз. 1-2 жыл бойы киген киіміңізді ойланбастан лақтыруға болады. Киімнің қымбатынан бұрын, өзіңізге үйлесетінін таңдаңыз. Киімнің түсін жыл мезгіліне сәйкестендіріп алғаныңыз жөн. Басты қағидасы – түстердің өзара сәйкес келуі. Тағы бір қатаң қағида: бір үлгіде үш түстен артық түс болмағаны жөн. Ал, егер киіміңіз алабажақ не әртүрлі түстен болса, онда аксессуарыңыз бір ғанатүстен болсын. Киімді мүсініңізге сай таңдағаныңыз дұрыс. Мүсіні әдемі адамдарды көргенде, еріксіз күрсініп, "Шіркін, менің де мүсінім осындай болса ғой!.." деп армандаумен шектелеміз. Бар мәселе – мүсін мінсіздігінде емес, бар мүсініңізді пайдалана алуыңызда. 2-топ. Әдемілік – талғам жемісі Қыз бала 14-15 жасқа жетісімен ақ бой түзей бастайды. Үсті-басын таза ұстап, сәнді киінуге, өзінің есейгенін сезіп, айналасындағыларға әдемі, сымбатты көрінуге тырысады. Осы айтылғандар – шаш күтімі, бет, тіскүтімі сияқты кісіге ажар беретін косметикалық-гигиеналық атрибуттар. Бойжеткенге сырт келбетке қарау, оған уақыт табу, киім киюде өзіндік көрнегіңді іздеуге ұмтылу, бет-ауызға шетелдік опа-далапты жаға салудан әлдеқайда қиын. Модала сай киіну – қымбат киімдерін болсын деген сөз емес: ол – азғана киімнің болып, соны

